

2008 жылғы 1 қыркүйектегі сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы

Сақтандыру сыйлықақылары

Сегіз айда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінде жиналған көлемінен 1,4%-ға азайып, 100,1¹ млн. теңге болды.

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

млн. теңге

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	1.09.2007ж.		1.09.2008ж.		1.09.2007 ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %-бен	Сомасы	Үлесі, %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	101 472,8	100,0	100 100,4	100,0	-1,4
Міндетті сақтандыру	13 617,5	13,4	20 445,7	20,4	50,1
Ерікті жеке сақтандыру	11 155,6	11,0	13 523,3	13,5	21,2
Ерікті мүліктік сақтандыру	76 699,7	75,6	66 131,4	66,1	-13,8

Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 50,1 %-ға өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю 21,2%-ды, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша кему – 13,8%-ды құрады.



2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 54,0% (11,0 млрд. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 34,6% (7,1 млрд. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 3,8% (0,8 млрд. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және басқалар бойынша – 7,6% түскен.

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 24,9% (3,4 млрд. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан

¹ Сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетіліп отыр.

сақтандыру бойынша – 47,9% (6,5 млрд. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 8,9% (1,2 млрд. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 18,3% (2,5 млрд. теңге) болып келеді;

ерікті мүлктік сақтандыруда – басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша - 22,3% (14,8 млрд. теңге), мүлктік сақтандыру бойынша (автокөлікті, әуе, теміржол, су көліктерін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) – 31,1% (20,5 млрд. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 30,4% (20,1 млрд. теңге) және басқалар бойынша – 16,2% болды.


Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	1.09.2007ж.		1.09.2008ж.		1.09.2007 ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	үлесі, %-бен	Сомасы	үлесі, %-бен	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	101 472,8	100,0	100 100,4	100,0	-1,4
Өмірді сақтандыру	3 206,2	3,2	3 672,5	3,7	14,5
Жалпы сақтандыру	98 266,6	96,8	96 427,9	96,3	-1,9


"Өмірді сақтандыру" саласы. 2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 3,7 млрд. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 14,5%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2007 жылғы 1 қыркүйектегі 3,2%-ға қарсы 3,7% болды.

"Жалпы сақтандыру" саласы. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2008 жылғы сегіз айда жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 96,4 млрд. теңге болды, бұл 2007 жылғы осындай кезеңге қарағанда 1,9% -ға көп.

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуінің құрамы



"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуінің құрамы



Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 46,2 млрд. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 46,2%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 40,0%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 14,6 млрд. теңге боды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 8,4 млрд. теңге болды.

млн. теңге

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.09.2007ж.		1.09.2008ж.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақылардағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	42 595,5	42,0	46 197,6	46,2
резидент еместерге	30 009,8	29,6	40 017,5	40,0
резиденттерге	12 585,7	12,4	6 180,1	6,2
Резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған барлығы	2 505,8	2,5	8 391,2	8,4

Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 92,7%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 0,6%, міндетті сақтандыру бойынша – 6,7% болды.

Сақтандыру төлемдері

2008 жылдың сегіз айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 48,6% өсіп, 39,9² млрд. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру бойынша өтеу есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 15,4% (6,1 млрд. теңге) болып отыр.

млн. теңге

Сақтандыру төлемдері	1.09.2007ж.		1.09.2008ж.		1.09.2007 жылғы салыстырғандағы өзгеріс
	сомасы сумма	үлесі, %-бен доля, %	сомасы сумма	үлесі, %-бен доля, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	26 878,8	100,0	39 937,7	100,0	48,6
Міндетті сақтандыру	3 519,6	13,1	5 491,4	13,7	56,0
Ерікті жеке сақтандыру	2 489,5	9,3	5 175,7	13,0	в 2,1 раза
Ерікті мүліктік сақтандыру	20 869,6	77,6	29 270,6	73,3	40,3

2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:


міндетті сақтандыруда – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша 52,2% (2,9 млрд.теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген

² сома қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетіліп отыр

зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 32,0% (1,8 млрд. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 12,9% (0,7 млрд. теңге) және басқалар бойынша - 2,9% болды;

ерікті жеке сақтандыруда – сақтандыру төлемдерінің 74,8% (3,9 млрд. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 12,7% (0,7 млрд. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 9,1% (0,5 млрд. теңге) және өмірді сақтандыру бойынша - 3,4% (0,2 млрд. теңге) болды;

ерікті мүлктік сақтандыруда – 88,8% (26,0 млрд. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 5,3% (1,6 млрд. теңге), мүлкті сақтандыру (автокөлікті, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті сақтандыруды қоспағанда) бойынша – 2,1% (0,6 млрд. теңге), басқалар бойынша – 3,8% болды.



2008 жылғы сегіз айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 65,1 %-ы болды.

Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 44 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 8 - өмірді сақтандыру бойынша), 12 сақтандыру брокерлері және 49 актуарийлер өз қызметтерін лицензия негізінде жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	1.09.2007ж.	1.09.2008ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде:	41	44
өмірді сақтандыру бойынша	6	8
Сақтандыру брокерлерінің саны	14	12
Актуарийлер саны	39	49

Есепті күнге 32 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

Капитал. 2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 161,6 млрд. теңге болды.

млн. теңге

Қаржы көрсеткіштері	1.09.2007ж.	1.09.2008ж.	1.09.2007 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
Жиынтық активтер	179 333,4	286 894,0	60,0
Міндеттемелер	71 613,2	125 140,9	74,7
оның ішінде сақтандыру резервтері	62 670,8	106 892,3	70,6
басқа да міндеттемелер	8 942,4	18 248,6	в 2,0 раза
Меншікті капитал (баланс бойынша)	107 720,3	161 753,1	50,2

Активтер. Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2008 жылғы 1 қыркүйекте 286,9 млрд. теңге болды, бұл 2007 жылғы 1 қыркүйектегі осындай көрсеткіштен 60,0%-ға көп, оның ішінде:


млн. теңге

Активтер	1.09.2007ж.		1.09.2008ж.		1.09.2007 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %-бен	Сомасы	үлесі, %-бен	
Қолма-қол ақша	5 532,5	3,1	5 230,8	1,8	-5,5
Орналасырылған салымдар	49 727,1	27,7	83 461,5	29,1	67,8
Бағалы қағаздар	80 922,0	45,1	85 226,3	29,7	5,3
«Кері РЕПО» операциясы	14 467,3	8,2	25 926,7	9,1	79,2
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	12 626,0	7,0	28 088,4	9,8	в 2,2 раза
Негізгі қаражат	3 999,8	2,2	4 580,4	1,6	14,5
Қайта сақтандыру активтері	-	-	42 858,2	14,9	-
Басқа дебиторлық берешек	4 679,9	2,6	7 513,3	2,6	60,5
Басқа активтер	7 378,8	4,1	4 008,4	1,4	-45,7
Активтер жиынтығы	179 333,4	100,0	286 894,0	100,0	60,0

Міндеттемелер. 2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы 125,1 млрд. теңге болды, бұл былтырғы жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда 74,7%-ға көп.

Есепті күнде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі 106,9 млрд. теңге болды, бұл 2008 жылғы 1 қыркүйекте қалыптасқан резервтердің көлемінен 70,6%-ға көп.

**Активтерді, меншікті капиталды және сақтандыру резервтерінің динамикасы,
млрд. теңгемен**



Сақтандыру рыногының шоғырлануы

Қаралған кезеңде сақтандыру рыногының сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері бойынша шоғырлану деңгейінің ұлғайғаны байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 51,5 %-ы және сақтандыру төлемдерінің 66,0 %-ы келеді.

Сақтандыру рыногы жиынтық активтерінің ішінде бес ірі сақтандыру компаниясының үлесі 56,0 % құрайды.

Сақтандыру рыногының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %-бен	01.09.07ж.	1.09.08ж.
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	54,0	51,5
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	77,7	64,9
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	77,9	66,0
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	88,1	78,3
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	52,7	56,0
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	55,2	57,6

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.09.2007ж.	1.08.2008ж.
ЖІӨ, млрд. теңге	12 464	15 046,7 ³
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,81	0,67 ⁴
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,86	1,08
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,43	1,91
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен ⁵	6 765	6 447

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

³ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2008 жылғы бірінші тамыздағы болжамдық деректері

⁴ – 2008 жылғы қаңтар-шілде айларында қабылданған сақтандыру сыйлықақылары

⁵ - Статистика агенттігінің деректері бойынша ҚР халқы – 15 527 649 млн.адам.